

БЕКТЕМІН:

Жаңаауыл ауылының БМ

менің топшесі

У.Е.Махметова

«24» в. тоқс. 2023 ж

Факультативтік сабақтар кестесі

2023-2024 оқу жылы

1-сынып

№	Күні, уақыты	Пәннің аты	Мұғалім
1.	Сәрсенбі 12.40-13.25	Ертегілер елінде	Махметова Г.Н.

Факультативтік сабақтар кестесі

2023-2024 оқу жылы

2-3-4- сыныптар

№	Күні, уақыты	Пәннің аты	Мұғалім
1.	Жұма 13.30-14.15	Тіл патшалығы	Махметова Г.Н.

«КЕЛІСІДІ»

«Ақмола облысы білім басқармасының
Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі»

ММ басшысы

 Д.Ш.Нурова

«25» «09» 2023ж



«БЕКІТІЛДІ»

«Жаңа ауыл ауылдық БМ»

КММ-нің директоры

 Г.Н.Махметова

«___» «___» 2023ж



“Ертегілер елінде”

сөйлеуді дамытудың факультативтік курсы

(1- сынып оқушылары үшін)

Жылдық сағат: 33

Апталық сағат: 1

Мұғалім: Махметова Г.Н.

2023-2024оқу жылы

Түсінік хат

Мектептің 1 сыныптарында жүргізілетін «Ертегілер елінде» арнайы ұйымдастырылған дамыту, тәрбиелеу сабақтарының атқаратын рөлі зор.

Бұл арнайы ұйымдастырылған дамыту, тәрбиелеу сабақтары балалардың тіл байлығын қалыптастырады. Сондай-ақ ертегіні білуге, әңгімелеуге ғана үйретіп қоймай, балалардың эстетикалық талғамын, білімін, сөйлеу нақышын, қызығушылығын арттыратыны анық.

Сондықтан арнайы ұйымдастырылған дамыту, тәрбиелеу сабақтары 1 сыныптарда мақсатты түрде жүргізілуі керек.

Осы арнайы ұйымдастырылған дамыту, тәрбиелеу сабақтары бойынша ұсынылып отырған материалдар 1 сынып балаларының білімін, ой-өрісін, тіл байлығын арттыруға арналған шығармалармен қамтамасыз етілді.

Сондай-ақ 1 сынып балаларының деңгейіне сай құрылған бұл бағдарламада ақпараттық құралдарды қолдана отырып, ертегілерді оқу, әңгімелеу (баяндау) тыңдау мүмкіндіктері қарастырылған.

Мақсаты:

Өз ауылына саяхат жасау арқылы балалардың тілін, сөздік қорын молайту.

Ой-өрісін, сана-сезімін жан-жақты дамыта отырып, баланың бойына озық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді сіңіретіндей, имандылыққа, ізгілікке тәрбиелеу.

Балалар заттардың айқын образын көрсете білуге, ертегілер туралы түсініктерін бекіте отырып, тілдерін ойлау қабілеттерін дамыту.

Басты міндеттері:

- баланың сөздік қорын молайту;
- баланың тілін дамыту;
- баланы мазмұндауға дағдыландыру;
- баланы жақсылық пен жамандықты айыра білуге үйрету;

- ертегілерді өздері орындата отырып, қызығушылығын қалыптастыру;
- кейіпкерлердің дауыс ырғағын сала білуге көңіл аударту;
- кейіпкерлер арасындағы достық, қамқорлық сезімді ұғындыра отырып бір-біріне әдептілік, кішілейілділік жасау, қиын жағдайда жәрдемдесу;

Нәтижелілігі:

- балалардың тіл орамдылығын арттырып, өмірге қоз қарасын қалыптастыру;
- ой-өрісін кеңейтіп, сөздік қорын молайту;
- балаларды жақсыға үйретіп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу;
- мейірімділікке, адамгершілікке, ақылдылыққа бауду.
- суретке қарап мазмұнын түсіне білу.
- таныс ертегінің соңын басқаша құрастырды.
- ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіру.
- сөздерді анық айтып, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Бұл пән аптасына 1 рет, жылына 33 сағат жүргізіледі.

Бұл бағдарламада осы пәнді жүргізу үшін негізгі 8 бөлім қамтылады.

1-бөлім. Кіріспе Ертегі туралы түсінік 2 сағат

2-бөлім «Әжемнің ертегілері» 4 сағат

3-бөлім «Хайуанаттар әлемінде» 5 сағат

4-бөлім «Таңғажайып оқиғалар» 4 сағат

5-бөлім «Ертегілер әлемінде» 5 сағат

6-бөлім «Табиғат та тіл қатады» 4 сағат

7-бөлім «Қазақ ертегілері» 7 сағат

8-бөлім «Қорытынды сабақ» 2 сағат.

Бұл бөлімдер арқылы балалардың ертегілерді тыңдау, әңгімелеу, әртүрлі тапсырмаларды орындау арқылы сөздік қоры артып, еркін сөйлеуге үйренеді.

Бағдарламаның мазмұны:

I бөлім Кіріспе 2 сағат

Ертегі туралы түсінік беру – Ертегі туралы айтып өту. Балалардың білетін бірнеше қысқа ертегілерін еске түсіру, бұрын сабақтарда өткен ертегілер болса, сахналап көрсету, рөлдерге бөлу. Ертегінің түрлерімен таныстыру - тақырыбында балаларға ертегінің түрлері туралы қысқаша түсінік беріледі.

II бөлім «Әжемнің ертегілері» 4 сағат.

Үлкендерден естіген ертегілер, Өздері білетін ертегіні ортаға салу – оқушылар өздерінің үйлерінде естіген ертегілерін ортаға салады. «Әйгілі ертегі» айдарымен «Бауырсақ» ертегісін әңгімелеу. Мұнда балалар ертегіні айтып, рөлдерге кіріп, көріністер ұйымдастырады.

III бөлім «Хайуанаттар әлемі» 5 сағат

«Түлкі мен тырна» ертегісі бойынша аңдарға сипаттама беріледі. Балалар рөлдерге бөліп айтады. «Ауырған арыстан» ертегісі бойынша балалар түсінгендерін өз сөзімен айтады. Жануарлардың дауыс ырғағын келтіре отырып әңгімелейді.

IV бөлім «Таңғажайып оқиға» 4 сағат бөлімдерінде балалар өздерінің үйлерінде немесе теледидардан, басқаларда ақпараттық құралдар арқылы тыңдаған, көрген ертегілерін әңгімелеу немесе сомдау арқылы ортаға салады. Тәрбиешінің көмегімен ертегіні толықтырып, түсінуге мүмкіндік алады. Табиғатты аялау керек деген әңгіме жүргізіледі.

V бөлім «Ертегілер әлемінде» 5 сағат-

Тақырыбы бойынша қысқаша көріністер және диафильмдер көрсетіледі. Ертегілер елі арқылы балалардың тілін, сөздік қорын молайту, ой-өрісін, сана-сезімін жан-жақты дамыту, іс-әрекеттерді ертегілерде пайдалана отырып, сахналау, қойылым туралы түсініктерін кеңейту.

VI бөлім «Табиғатта тіл қатады» 4 сағат

«Орман дәрігері» ертегісіне коллаж құрастырылады, кейіпкерлерге мінездеме беруге үйретемін. Көріністер көрсету, сахналауға үйрету. Хайуанаттарды, табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу. Накышына келтіре отырып әңгімелеуге үйрету.

VII бөлім «Қазақ ертегілері» 7 сағат

«Әлем халық ертегілерінен» мысалдар келтіруге болады. Халықтың салт-дәстүрін білуге тәрбиелеу. Ұнатқан ертегілерден қысқаша көрініс қоюға үйрету. Қайырымдылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

VIII бөлім «Қорытынды сабақ» 2 сағат Өткенді қайталау, қысқа көріністер ұйымдастыру. Кейіпкерлерді нақты сомдауға үйрету. Өткен ертегілерді еске түсіру, әңгімелеу дағдысын қадағалау.

**«Ертегілер елінде» бағдарламаның күнтізбелік жоспары
антасына 1 сағат жылына 33 сағат.**

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Өтетін күні	Мақсаты
I- бөлім Кіріспе 2 сағат				
1	Ертегі туралы түсінік беру	1	06.09.23	Ертегіні оқып,балаларға жап-жақты түсіндіру
2	Ертегіні түрлерімен таныстыру	1	13.09	Ертегінің түрлері туралы қысқаша мағлұматтар беру.
II бөлім «Әжемнің ертегілері» 4 сағат				
3	Үлкепдерден естіген ертегілер	1	20.09	Ертегілерді тыңдап,түсінуге үйрету
4	Өздері білетін ертегіні ортаға салу	1	27.09	Өз ойын айту,ертегіні аяқтауға бағыттау
5	«Әйгілі ертегі» айдарымен «Бауырсақ» ертегісін әңгімелеу	1	04.10	Осыған ұқсас ертегілерді айтқызу арқылы тілдерін дамыту
6	Мен ертегілер әлеміндемін	1	11.10	Қысқаша көріністер
III Бөлім «Хайуанаттар әлемі»5 сағ				
7	«Гүлкі мен тырна» ертегісі	1	18.10	Аңдарға сипаттама беру
8	«Ауырған арыстан» ертегісі	1	24.10	Аңдарға сипаттама беру

9	«Жеті лақ» ертегісі	1	8.11	Образға кіру, дауыс ырғағын қалыптастыру.
10	Әңгімелеу	1	15.11	Дауыс ырғағын келтіре отырып әңгімелеу
11	Мен ертегілер әлеміндемін	1	22.11	Қысқаша көріністер ұйымдастыру.
IV бөлім «Таңғажайып оқиғалар» 4сағ				
12	«Шалқан» ертегісі	1	29.12	Табиғатты аялауға баулу
13	Әңгімелеу	1	06.12	Сөйлесуге үйрету
14	Керемет сандықша	1	13.12	Дауыс ырғағын келтіре отырып әңгімелеу
15	Мен ертегілер әлеміндемін	1	20.12	Қысқаша көріністер ұйымдастыру
V бөлім «Ертегілер әлемінде» 5сағ				
16	«Ақ тиін мен қасқыр»	1	27.12	Ертегіні тыңдау, әңгімелеу
17	Әңгімелеу	1	10.01	Образдарға кіру арқылы келесі кейіпкерге әсер ете білу
18	Алтын сандық	1	17.01	Тыңдау, сұраққа жауап беруге үйрету
19	«Катя мен Маша» ертегісі	1	24.01	Ертегіні түсіндіру, сахналау.
20	Мен ертегілер әлеміндемін	1	31.01	Қысқаша көріністер көрсету
VI бөлім «Табиғат та тіл қатады» 4сағ				
21	«Орман дәрігері» ертегісі	1	14.02	Кейіпкерлерге мінездеме беруге қалыптастыру
22	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі	1	21.02	Көріністер көрсету, сахналау
23	«Арыстан мен адам» ертегісі	1	28.02	Хайуанаттарды, табиғатты құрметтеуге үйрету
24	Мен ертегілер	1	6.03	Нақышына келтіре отырып

	әлеміндемін			әңгімелеуге үйрету
VII бөлім «Қазақ ертегілері» 7 сағ				
25	Алдаркөсе туралы ертегілер	1	13.03	Нақышына келтіре отырып әңгімелеуге үйрету
26	«Қасқыр мен қойшылар» ертегісі	1	20.03	Қайырымдылыққа үйрету
27	«Мақта қыз бен мысық» ертегісі	1	3.04	Нақышына келтіре отырып әңгімелеуге үйрету
28	«Балықшы мен балық» ертегісі	1	10.04	Халықтардың салт-дәстүрін білу
29	«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі	1	17.04	Нақышына келтіре отырып әңгімелеуге үйрету
30	«Бір уыс мақта» әңгімесі	1	24.04	Еңбекқорлыққа тәрбиелеу
31	Мен ертегілер әлеміндемін	1	8.05	Ұнатқан ертегілерінен қысқаша көрініс
VIII «Қорытынды сабақ» 2 сағ				
32	Өткенді қайталау	1	15.05	Еске түсір,әңгімелеу дағдысын қадағалау
33	Қысқа көріністер ұйымдастыру	1	22.05	Кейіпкерлерді нақты сомдауға үйрету

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақ ертегілері «Алматы» баспасы 2007 жыл 4-бет.
2. Мен оқимын, ойлаймын, ойнаймын Астана-2006 9,108,122 бет
3. Көркем әдебиет «Аруна» баспасы 46 бет,47 бет, 60бет,64 бет.
4. Өнегелі ертегілер «Аруна» баспасы-2007ж 60бет.
5. Жануарлар туралы ертегілері «Алматы» баспасы 54,74 беттер.

«КЕЛІСІЛДІ»



«Ақмола облысы білім басқармасының

Зеренді ауданы бойынша ББ»

М/М басшысы

Д.Ш.Нурова

25-09-2023ж

«БЕКТІЛДІ»

«Жаңаауыл ауданының БМ»

БММ-нің меңгерушісі



С.Е.Махметова

" " 2023ж

"Тіл патшалығы"

сөйлеуді дамытудың факультативтік курс

бағдарламасының жоспары

(4 сынып оқушылары үшін)

Тақырыбы: «Тіл патшалығы»

4 - сыныпқа арналған факультатив курсы

Түсінік хат

Қазақ тілі – бай тіл және тез дамытын тіл. Ана тіліміздің аса зор, керемет қасиетін Қадыр атамыз: «Ана тілін білмеген – ақылы жоқ желікбас» деп, жоғары бағалаған. Сөздің қисынын тауып, мәнді сөйлеу – шешендіктің алғы шарты. Ана тілін жақсы біліп, шешен сөйлеу ақылдылықтың белгісі. Баланың тілін дамыту арқылы өнердің сан түрімен таныстыруға болады.

Осы алғы шарттарды негізге ала отырып, бастауыш сынып оқушыларының ауызекі сөйлеу, жазбаша көркем сөздерді жеткізе білу, ойлау, есте сақтау дағдыларын дамыту, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мақсатында тіл дамыту бағытындағы «Тіл патшалығы» таңдау курсының 4-сыныпқа аптасына 34 сағатқа негізделген күнтізбелік-тақырыптық жоспары құрылды.

Бағдарламаның мақсаты:

- оқушының ауызекі сөйлеу мен жазба тілін сапалы меңгеруіне, ауыз әдебиеті түрлерімен жетік танысуына жағдай туғызу, тіл дамуының өмірдегі, қоғамдағы орынын түсіндіру;
- балалардың санасында көркем әдебиет арқылы жеке көзқарас, эстетикалық орта қалыптастыру;
- мәтін құрастыру, өлең ұйқастарын, эссе, пікір жазу қабілеттерін жетілдіре отырып, логикалық ойлауы мен шығармашылық қабілеттерін, сөздік қорларын дамыту.

Бағдарламаның міндеті:

- Оқушылардың ауызекі сөйлеу және жазба тілде көркем әдеби тілмен орынды сөйлеп, жазуда тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру;
- Есте сақтау қабілеттерін жетілдіру;
- Аяған білім, білік дағдыларын орынды пайдалана білуге үйрету;
- Өз пікірі бар тұлға қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылардың ауызекі сөйлеу және жазба тілдері дамиды;
- Логикалық ойлау, шығармашылық қабілеттері артады;
- Білім, білік, дағдылары жетіледі;
- Әдеби шығармалар арқылы оқушы жан-жақты тәрбиеленеді;
- Адамгершілік қасиеттері, көркем эстетикалық талғамы дамиды;
- Өз бетімен жұмыстана алатын, өз пікірі бар тұлға қалыптасады.

Пәнаралық байланыс:

Қазақ тілі, дүниетану, математика, бейнелеу.

Оқытудың түрлері:

- ❖ Жарыс сабақ
- ❖ Іскерлік ойын сабағы
- ❖ Білімді, дағдыны, ептілікті жүйелеу (қорытындылау) және қайталау сабағы.
- ❖ Сыныптан тыс ашық сабақтар.

Оқытудың әдістері:

Адам ойын көбіне ауызекі сөйлеу тілі арқылы жеткізеді. Ауызекі сөйлеу тілін білген адам оны өзінің кәсіби құзыры деңгейінде арнайы әдебиеттерді оқуға, хабар алмасуға және кәсіптік іскерлігін жетілдіру мақсатында пайдалана алады. Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілдерін қалыптастыру жұмыстарын ұйымдастыру кезінде төмендегі әдістерді жүйелі қолданудың пайдасы зор.

Сұрақ-жауап әдісі. Оқушылардың көру қабілеттерін ойлау қабілеттерімен ұштастыра дамытады.

Ситуация арқылы сөйлеу әдісі – сөз, сөз тіркестерін, сөйлем құрау, болған, көрген, естіген оқиға жайлы ойын жеткізу.

Өз ойын айту әдісі – оқушыларды ойлану, ойлау үрдісі арқылы ойын ауызша жүйелі айтып беруге дағдыландыру.

Монолог әдісі – оқушыларды өз білім деңгейлеріне сай, өз ойларын айтқызуға ұмтылдыру.

Әңгімелесу әдісі – оқушылардың білімдерін бақылай отырып, жеке оқушымен де, топтағы оқушылармен де әңгімелесу арқылы да сабаққа қорытынды жасау.

Ойын әдісі – оқушының тілін дамытып, қоғамдық әмірдің сан- алуан саласында қандай қарым-қатынас жасау керектігін үйретеді, еркін сөйлеу қабілетін жетілдіреді. Оқушылардың сабақта алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру, ынтасын үздіксіз арттырып отыру үшін сабақта ойын элементтерін кірістіріп отырудың маңызы зор.

Әр ойынның өз реті, жөні бар. Сондықтан сабақтың мазмұнына сай ойын түрлерін іріктеп алу қажет. Себебі, бала ойнап отырып, бірнеше сөзді өзінің сөздік қорына жинап отырады.

Мысалы, ойынның шарты бойынша берілген сөйлемге әр оқушы бір сөзден қосып, толықтырып отыруы тиіс. Бірақ, сөйлемнің мағынасы өзгермеуі керек. Сөйлемге сөз қосып, толықтыра алмаған оқушы жеңіледі.

Мен отырмын.

Мен сыныпта отырмын.

Мен жарық сыныпта отырмын. Мен жарық, кең сыныпта отырмын.

Мен жарық, кең, жылы сыныпта отырмын.

Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту барысында осындай әдістерді пайдалана отырып, өз ойларын ауызша еркін жеткізіп, байланыстырып сөйлеуіне, сауатты жаза білу дағдыларына қол жеткіземіз.

Сонымен қатар бағдарламаны құру барысында оқытудың жаңа технологияларын пайдаланып, әр сабақты түрлендіріп өткізу басты назарға алынды..

Бағдарламадағы берілген тақырыптар тарауларға бөлінді. Әр тараудың соңғы сағаты сыныптан тыс шараны ұйымдастыруға негізделді.

Тақырыптық - оқу жоспары.

№	Сағат саны	Тараудың тақырыптары	Оқушылардың білім, білік және дағдыларына қойылатын талаптар
1	2	Сөз әдебі	<ul style="list-style-type: none"> • Мәдениетті сөйлеу • Амандасу, танысу секілді кездерде қолданылатын әдепті сөздер
2	9	Атадан қалған асыл мұра	<ul style="list-style-type: none"> • Жұмбақ түрлерімен таныстыру • Жанылтпастар жаттау • Мақал-мәтелдерді орынды қолдана білу • Санамақтар жаттау • Бесік жырларының мән-мағынасын түсіну • Торт түліктің қасиетін жетік меңгеру • Ертегідегі негізгі идеяны таба білу • Баталар жаттау
3	5	Туған елдей ел болмас, Туған жердей жер болмас	<ul style="list-style-type: none"> • Орал қаласының тарихымен танысу, қосымша деректер жинау • Өз ауылдары туралы толық ақпарат алу, қосымша деректер жинау • Қала мен ауыл арасындағы айырмашылықты айыра білу • Мемлекетті басқару ісімен танысу
4	5	Еңбек түбі береке	<ul style="list-style-type: none"> • Мамандықтар туралы пікір алмасу • Жүйелі сөйлеу дағдысы қалыптасады • Еңбек ардагерлері туралы ақпараттар жинау • Еңбек етудің қадір-қасиетін түсіну
5	5	Табиғат – Ана	<ul style="list-style-type: none"> • Өз ойын көркем сөздермен еркін жеткізу • Өздіктерінен іздену • Бейнелі, көркем сөйлеу • Табиғат тіршіліктеріне деген сүйіспеншілік
6	8	Кітап – таусылмас қазына	<ul style="list-style-type: none"> • Кітап оқу ережесін білу • Кітапхаппамен тығыз байланыс жасау • Қазақ балалар әдебиеті жазушыларымен танысу, шығармаларын оқу

«Тіл патшалығы» таңдау курсы бойынша оқу-әдістемелік жоспары. 4 сынып (34 сағат, аптасына 1 сағат)

Р.с	Тақырып	Сағат саны	Өту мерзімі	Сабақтың түрі, әдісі	Күтілетін нәтиже
<i>I. Сөз әдебі</i>					
1	Сәлем – сөздің апасы	1	8.09	Жарыс сабақ Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелесу	Амаңдасу түрлерімен танысады
2	Әдептілік әлемі	1	15	Саяхат сабақ, топтық жұмыс, проблемалық тапсырмалар, пікірлесу	Әдептілік қасиеттерді игереді
<i>II. Атадан қалған асыл мұра.</i>					
3	Жұмбақтар елінде	1	22	Шығармашылық сабақ, топтық жұмыс	Жұмбақтар түрімен таныса отырып, жинақтауға, есте сақтауға үйренеді.
4	Жаңылтпаштар	1	29.09	Аралас сабақ, шығармашылық жұмыс	Тілдерін жаттықтыра отырып, ұйқас құрастыруға қызығушылықтары артады.
5	Мақал – сөздің мәйегі	1	6.10	Аралас сабақ, топтастыру, басқатырғы шешу	Мақалдарды өмірде сөз арасында орынды қолдануды меңгереді, сөз қадірін түсінеді.
6	Санамақтар.	1	13.10	Аралас сабақ, шығармашылық жұмыс	Санамақтар құрастыру арқылы тілдік қорлары артады.

7	Бесік жырлары.	1	20.10	Талдау, жинақтау, топтастыру	Бесік жырлары арқылы ана махабатын, елдің арман-тілегін тисіне алады.
8	Төрт түлік туралы жырлар.	1	27.10	Топтастыру, Кубизм,	Төрт түліктің пайдасы мен қасиеттері туралы білімдерін жетілдіреді.
9	Ертегілер әлемі (қосымша «Қасқырбай мен тентек лақтар» көрінісі)	1	10.11	Шығармашылық сабақ, топтастыру, кубизм, сахналау, талдау	Ертегілер арқылы тілдік, сөздік қорлары дамиды, эстетикалық талғамдары артады.
10	Бата –сөздің төресі	1	17.11	Жаңа сабақ, тұжырым жасау	Сөз мәйегін тереді, рухани байи түседі, сөздік қорлары молаяды
11	«Кім тапқыр?» білім сайысы сабағы	1	24.11	Сайыс сабақ.	Білімге ынталары артады, ұжымда белсенді болуды үйренеді.
III. «Туған елдей ел болмас, Туған жердей жер болмас»					
12	Көкшетау – сүйікті қалам.	1	1.12	Жаңа сабақ, сәйкестендіру тұжырым жасау	Көкшетау қаласы туралы қосымша деректермен танысады.
13	Ауылым – алтын бесігім.	1	8.12	ТРИЗ технологиясы	Ауыл туралы жаңа деректермен таныса отырып, шығармашылық қабілеттері шыңдалады
14	Қала мен ауыл арасындағы	1	15.12	Топтық жұмыс	Сөздік қорларын шығармашылық

	байланыс			Іскерлік ойын	тапсырмалар арқылы жетілдіреді
15	Қазақстан – егемен ел.	1	22.12	Топтық, жұптық жұмыс. БҮҮ кестесі, диалог	Іскерлік қабілеттері артады
16	«Білімге құштарлық» білім сайысы сабағы	1	26.12.	Жарыс сабақ	Жүйелі, мағыналы сөйлеуге дағдыланады
IV. Еңбек түбі – береке					
17	Менің арманымдағы мамандық.	1	12.01	Шығармашылық сабақ	Өз ойын еркін жеткізі, алға мақсат қоя білу.
18	Еңбектің наны тәтті.	1	19.01	Синтез, талдау, жинақтау	Еркін сөйлеу, сөз тіркестерін жүйелі құра білу
19	Еңбегі жанған еңбеккерлер	1	26.01	БҮҮ кестесі жұптық жұмыс	Іздену, жақсылыққа ұмтылу, еңбеккер болуға талпыну қабілеті артады
20	Еңбек түбі – береке.	1	2.02	Шығармашылық жұмыс	Ойын ашық және жүйелі жеткізу
21	Өзіңе сен, өзінді алып шығар, Ақылың мен еңбегің екі жақтап (танымдық ойын)	1	9.02	Жарыс сабақ	өздіктерінен ізденуге, шығармашылыққа үйренеді
V. Табиғат – Ана					
22	Табиғат – тіршілік бесігі.	1	16.02	Еркін жазу стратегиясы	Табиғатқа деген сүйіспеншілігі артады
23	Таза ауа – денсаулық кепілі.	1	23.02	Рефлексия, тұжырым жасау	Табиғатты сипаттай білу

24	Қыс қызықтары	1	1.03	Ортада қалам, 5 жолды өлең	Қысқы көрініс- тің ерекшелігін сезіне білу
25	Құстар – таби- ғат жанашыры	1	7.03	Аквариум, РАФТ әдістері	Ойын ашық, жүйелі жеткізу
26	Қалыптап тыс шығарма жазу «Кемпірқосақ»	1	15.03	Шығармашы- лық сабақ, Еркін жазу стратегиясы	Ойын ашық, жүйелі, сауатты жеткізу
<i>VI. «Кітап – таусылмас қазына»</i>					
27	Кітап оқу білеміз бе?	1	5.04	ұжымдық жұмыс	өздіктерінен ізд- енуге үйренеді
28	Кітаптар мұңы	1	12.04	Сахналау, тұжырым жасау	Еркін сөйлеу, ойын ашық білдіру
29	Кітап – сарқылмас рухани қазына	1	19.04	Ортада қалам, топтық жұмыс	Ғылым туралы түсілігін кеңейту
30	Білім кілті кітапта.	1	26.04	Кубизм, топтастыру, талдау	Ойып көркем әдеби тілмен еркін жеткізе білу
31	Қазақ балалар әдебиетінің негізін салушылар	1	3.05	РАФТ, ортада қалам, 5 жолды өлең	өздіктерінен іздеу, материалдар жинау
32	Кітапханадағы кешкі оқырман	1	10.05	Автор орындығы, рефлексия	Оқып, түйгенін еркін жеткізе білу
33	«Мәнерлеп оқу шебері» көркем сөз оқу сайысы.	1	17.05	Сайыс сабақ, талдау, тұжырым жасау	Білім,білік, дағдыларының деңгейін анық- тауға мүмкіндік алады.
34	«Кітап - ақылшың, әрі досың» кітап конференциясы	1	24.05	Конференция сабақ, ортада қалам, РАФТ, Аквариум, кері байланыс	өздіктерінен іздену,еркін, жүйелі сөйлеу

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жалпы білім беретін мектебінің оқу бағдарламалары. 1-4 сыныптар Алматыкітап баспасы, Атамұра баспасы
2. -Қазақ тілі дидактикалық материалдар. Алматы. Атамұра.2010 жыл
3. Б.Сайлаубаева. Қазақ тілінен оқу дидактикалық құрал.
4. «Ана тілім–азығым, адастырмас қазығым.»М.Шәбжантайқызы. Көкшетау.2021 жыл.
5. «Айгөлек» журналы.
6. «Менің алғашқы әліппем» Алматы. 2010 жыл
7. Г.Х. Сейсекенова. «Қазақ тілінен әдістемелік құрал» 2011 жыл
8. Ж. Кәрімқызы «Қазақ тілінен дидактикалық жаттығулар»Алматы. «Өлке» 2010 жыл.
9. «Ертегілер елінде » журналы